

«ТҰРАН - АСТАНА» УНИВЕРСИТЕТІ



БЕКІТІЛДІ

**Ғылыми кеңестің отырысында
2025 жылы желтоқсан (№5 хаттама)**

Ғылыми кеңестің төрайымы

Т.А. Жапарова

«Тұран-Астана» университетінің тұрақты даму саласындағы САЯСАТЫ

АСТАНА, 2025

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер.....	3
2	Миссия, мақсаттар мен міндеттер	3
3	Тұрақты даму саласындағы қызмет бағыттары	
3.1	Білім беру қызметі	3
3.2	Ғылыми-зерттеу және инновациялық қызмет	4
3.3	Тәрбие және әлеуметтік қызмет	4
3.4	Тұрақты даму контекстіндегі ESG-стратегия: E – Қоршаған орта ...	4
3.5	Тұрақты даму контекстіндегі ESG-стратегия: S – Әлеуметтік аспектілер	6
3.6	Тұрақты даму контекстіндегі ESG-стратегия: G – Корпоративтік басқару	7
4	Қорытынды ережелер	8

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы саясат «Тұран-Астана» университеті (бұдан әрі – университет) қызметінің стратегиялық бағыттарын Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған Тұрақты даму мақсаттарына сәйкес айқындайды, сондай-ақ университеттің білім беру, ғылыми, әкімшілік және өзге де қызметіне ТДМ-ды енгізудің бірыңғай тәсілдерін белгілейді.

1.2 Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Тұран-Астана» университетінің 2025–2029 жылдарға арналған даму бағдарламасына (стратегиясына) және университеттің ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

1.3 Саясат университеттің ішкі нормативтік құжаты болып табылады және барлық құрылымдық бөлімшелер, қызметкерлер мен білім алушылар үшін міндетті болып табылады.

2. МИССИЯ, МАҚСАТТАР ЖӘНЕ МІНДЕТТЕР

2.1 Миссиясы: «Тұран-Астана» университеті Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге үлес қосуды көздейді. Бұл бәсекеге қабілетті мамандар даярлау, қолданбалы ғылыми зерттеулерді дамыту және тұрақты даму қағидаттарын білім беру мен басқару қызметіне енгізу арқылы жүзеге асырылады.

2.2 Саясаттың мақсаты – университет қызметінің барлық салаларына тұрақты даму қағидаттарын интеграциялау.

2.3 Негізгі міндеттер:

- білім беру бағдарламаларына ТДМ қағидаттарын енгізу;
- тұрақты даму саласындағы ғылыми зерттеулерді дамыту;
- экологиялық және әлеуметтік жауапты университеттік органы қалыптастыру;
- мемлекетпен, бизнеспен және қоғаммен серіктестік байланыстарды нығайту;
- университеттің Қазақстан Республикасының тұрақты дамуына қосатын үлесін арттыру.

3. ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫ

3.1 Білім беру қызметі

3.1.1 «Тұран-Астана» университеті өз қызметін жүзеге асыру барысында тең мүмкіндіктер қағидатын басшылыққа алады және білім алушылар мен қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, еңбекақы төлеу, білім алуға қол жеткізу, қызмет бойынша жоғарылату және жұмыстан босату кезінде кемсітушілікке жол бермейді. Жынысы, нәсілі, тілі, діни немесе саяси көзқарастары, азаматтығы, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегі, мүмкіндігі шектеулілігі және өзге де белгілер бойынша кемсітушілікке тыйым салынады.

3.1.2 Университет еңбек нарығының қажеттіліктері мен тұрақты даму қағидаттарын ескере отырып, заманауи академиялық және кәсіби стандарттарға сәйкес келетін білім беру қызметтерін ұсынуға кепілдік береді. Білім алушылардың барлық санаттары, оның ішінде әлеуметтік осал топ өкілдері үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінеді.

Білімнің қолжетімділігін арттыру мақсатында университет білім беру гранттары, стипендиялар және қаржылық қолдаудың өзге де нысандарын іске асырады, сондай-ақ цифрлық білім беру технологиялары мен қашықтықтан оқыту форматтарын дамытады. Сонымен қатар, университет білім алушыларда тұрақты даму құзыреттерін, соның ішінде сыни ойлау, әлеуметтік жауапкершілік және өмір бойы білім алу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

3.1.3 Университетте профессорлық-оқытушылық құрам мен басқару деңгейлеріндегі мамандардың біліктілігін үздіксіз арттыру және дамыту жүйесі заманауи технологиялар мен ақпараттық басқару жүйелерін пайдалана отырып жұмыс істейді.

3.1.4 Университет оқытудың инновациялық әдістерін қолданады, оның ішінде: жетекші практик мамандар мен сарапшылардың қатысуымен сабақтар өткізу; оқу тағылымдамаларын ұйымдастыру; кейс-әдістерді пайдалану; «миға шабуыл» және өзге де әдістер.

3.1.5 Университет оқу процесін және қызметкерлердің еңбек жағдайларын дұрыс ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдайды және Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге ұмтылады.

3.2 Ғылыми-зерттеу және инновациялық қызмет

3.2.1 «Тұран-Астана» университеті тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуде ғылыми зерттеулер мен инновациялардың шешуші рөлін мойындайды және өз зерттеу қызметінің барлық бағыттарына тұрақтылық қағидаттарын енгізуге ұмтылады.

3.2.2 Университет білім алушылар мен оқытушылардың ғылыми, инновациялық және кәсіпкерлік бастамаларын қолдайды, оның ішінде стартаптар, ғылыми және ғылыми-зерттеу жобалары, сондай-ақ бизнес-серіктестермен ынтымақтастық. Саясат зерттеулерді коммерцияландыруды ынталандыруға, жаңа технологияларды енгізуге және университеттік инновациялар экожүйесін дамытуға бағытталған.

3.2.3 Smart-университет тұжырымдамасына ұмтылу университетте білім беру, ғылыми және әкімшілік процестерді басқару үшін цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні енгізу арқылы жүзеге асырылады. Саясат «Smart-кампус» құруға, оқыту тиімділігін арттыруға, ғылыми зерттеулерді қолдауға және университет қауымдастығымен өзара іс-қимылды дамытуға бағытталған.

3.2.4 Университет жыл сайын студенттердің қатысуымен өндіріс тиімділігі мен экономика салаларындағы стартап-жобалар конкурсын өткізеді және жобаларды әрі қарай Кәсіпкерлік орталығы мен ғылыми-зерттеу орталықтары/зертханалар арқылы іске асырады.

3.3 Тәрбие және әлеуметтік қызмет

3.3.1 «Тұран-Астана» университеті тәрбие және әлеуметтік қызметті тұрақты даму мәдениетін қалыптастырудың ажырамас бөлігі ретінде қарастырады. Бұл бағыт жауапты, әлеуметтік белсенді және экологиялық саналы тұлғаны дамытуға бағытталған.

3.3.2 Теңдік, әртүрлілік және инклюзивтілік қағидаттарын іске асыру мақсатында университет әлеуметтік осал топтардан шыққан талапкерлер мен білім алушыларға, оның ішінде аз қамтылған отбасылардан және ауылдық өңірлерден келген тұлғаларға қолдау көрсетеді. Барлық білім алушыларға білім беру гранттары, әлеуметтік стипендиялар және қаржылық қолдаудың өзге де түрлері ұсынылады, сондай-ақ оқу ақысының жүктемесін азайтуды қамтамасыз ететін жеңілдіктер мен гранттар жүйесі қолданылады.

3.3.3 Университет студенттік қауымдастықтар мен клубтардың дамуын білім беру және әлеуметтік ортаның маңызды элементі ретінде қолдайды. Саясат білім алушылардың мәдени, ғылыми, спорттық және еріктілік қызметтерге белсенді қатысуы үшін жағдай жасауға, командалық жұмыс, көшбасшылық және әлеуметтік жауапкершілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

3.4 Тұрақты даму контекстіндегі ESG-стратегия:

Е – Қоршаған орта

3.4.1 «Тұран-Астана» университеті өз қызметінде жеткізушілерді таңдауды Қазақстан Республикасының заңнамасына және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес ашық

негізде жүзеге асырады, баға, сапа, жеткізу шарттары мен іскерлік беделдің оңтайлы үйлесіміне басымдық береді.

3.4.2 Университет су ресурстарын ұтымды пайдалануды қамтамасыз етеді, білім алушылар мен қызметкерлер үшін қауіпсіз ауыз суға және тазалыққа қолжетімділікті қолдайды. Саясат су тұтынуды азайтуға, ластанудың алдын алуға және сумен қамтамасыз ету мен тазартудың тиімді технологияларын енгізуге бағытталған. Сонымен қатар, университет студенттер мен қызметкерлер арасында су ресурстарын жауапты пайдалану мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

3.4.3 Университет энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз етеді және энергия үнемдеу, сондай-ақ жаңартылатын энергия көздерін пайдалану технологияларын енгізеді. Саясат ғимараттар мен инфрақұрылымның энергия тиімділігін арттыруға, көміртек ізін азайтуға, сондай-ақ білім алушылар мен қызметкерлер арасында энергияны жауапты тұтыну мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

3.4.4 Университет инновациялық және ғылыми-зерттеу қызметін дамытуды, заманауи білім беру және ғылыми инфрақұрылымды қалыптастыруды, сондай-ақ жаңа технологияларды енгізуді қолдайды. Саясат ғылыми зерттеулерді, технологиялық стартаптарды ынталандыруға, білім беру процестерін цифрландыруға және университет пен қоғамның тұрақты дамуы үшін экономиканың нақты секторымен және ғылыми ұйымдармен серіктестікті нығайтуға бағытталған.

3.4.5 Университет Тұрақты даму мақсаттарының 11-мақсаты – «Тұрақты қалалар мен қауымдастықтар» аясында кампус айналасында қауіпсіз, қолжетімді және тұрақты орта қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл университет аумағындағы инфрақұрылым мен жасыл аймақтарды дамыту, жаңа нысандарды салу мен жаңғырту кезінде тұрақты шешімдерді қолдану, экологиялық таза және сапалы құрылыс материалдары мен инженерлік желілерді пайдалану, сондай-ақ тұрақты даму қағидаттарына сәйкес сәулеттік және интерьерлік органы қалыптастыру және кеңістікке ұқыпты қарау мәдениетін дамыту арқылы жүзеге асырылады.

3.4.6 Университет ТДМ-ның 12-мақсаты – «Жауапты тұтыну және өндіріс» аясында ресурстарды ұтымды пайдалану қағидаттарын ілгерілетеді, қалдықтарды азайтады және өз қызметінің қоршаған ортаға әсерін барынша төмендетеді. Осы бағытта университет білім алушылар мен қызметкерлер арасында жауапты тұтыну және экологиялық саналы мінез-құлқы мәдениетін қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар өткізеді және келесі міндеттерді айқындайды:

- университет қызметінде ресурстарды (энергия, су, материалдар) тұтынуды азайту;
- қалдықтарды, оның ішінде тағам қалдықтарын азайту және оларды бөлек жинау мен кәдеге жарату жүйесін ұйымдастыру;
- экологиялық қауіпсіз технологияларды, тұрақты өндіріс тәжірибелерін және барлық ресурстарды ұтымды пайдалану тәсілдерін енгізу;
- білім алушылар мен қызметкерлерде жауапты тұтыну мәдениетін, оның ішінде тамақтануға саналы көзқарасты қалыптастыру;
- университет қауымдастығын тұрақты тұтыну, ресурстарды үнемдеу және қалдықтарды азайту қағидаттары туралы ағарту және ақпараттандыру.

3.4.7 Университет тұрақты даму қағидаттарын ұстана отырып, парниктік газдар шығарындыларын азайту, энергия тиімділігін арттыру және климаттың өзгеру салдарына бейімделу бойынша шараларды енгізеді. Сонымен қатар, студенттер мен қызметкерлер арасында экологиялық жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру және осы саладағы ғылыми зерттеулерді дамыту бағытында жұмыс жүргізеді.

3.4.8 Университет ТДМ-ның 14-мақсаты – «Теңіз экожүйелерін сақтау» аясында су ресурстарын тұрақты пайдалану қағидаттарын енгізеді, соның ішінде үнемді тұтыну, ластанудың алдын алу және су экожүйелерін қорғау. Саясат су айдындарының ластануын болдырмауға, биоалуантүрлілікті сақтауға бағытталған ғылыми зерттеулер мен білім беру

бастамаларын қамтиды, сондай-ақ су ресурстарына жауапты қатынас мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

3.4.9 Университет экологиялық тұрақты заманауи оқу корпустарын құруды және «Sustainable Campus» қағидаттарына негізделген жасыл кампус қалыптастыруды ілгерілетеді. Бұл аумақты көгалдандыруды, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды және қоршаған ортаға әсерді азайтуды қамтиды. Саясат аясында қоршаған ортаны қорғауға, жер ресурстарын тұрақты басқаруға және студенттер мен қызметкерлер арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған ғылыми зерттеулер мен білім беру жобалары жүзеге асырылады.

3.5 Тұрақты даму контекстіндегі ESG-стратегия:

S – Әлеуметтік аспектілер

3.5.1 «Тұран-Астана» университеті ТДМ-ның 1-мақсаты – «Кедейлікті жою» аясында сапалы жоғары білімге, білім беру ресурстарына және білім алушыларды әлеуметтік қолдау бағдарламаларына қолжетімділікті кеңейту арқылы кедейлік деңгейін төмендетуге және әлеуметтік ұтқырлықты дамытуға ықпал етеді.

3.5.2 Университет ТДМ-ның 2-мақсаты – «Аштықты жою» аясында азық-түлік қауіпсіздігін арттыруға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асырады, тамақтануды ұйымдастыруға жағдай жасайды, дұрыс және теңгерімді тамақтану мәдениетін қалыптастырады, сондай-ақ әлеуметтік осал санаттағы білім алушыларды қолдайды.

3.5.3 Университеттің ТДМ-ның 3-мақсаты – «Жақсы денсаулық және әл-ауқат» бағытындағы қызметі қауіпсіз және қолайлы орта құруға, спорттық инфрақұрылымды дамытуға, білім алушылар мен қызметкерлерге психологиялық қолдау көрсетуге, салауатты өмір салтын насихаттауға, университет қауымдастығының физикалық және менталдық денсаулығын нығайтуға бағытталған.

3.5.4 Университет ТДМ-ның 4-мақсаты – «Сапалы білім» аясында сапалы әрі қолжетімді білім беру қағидаттарын іске асырады, бұл білім беру мүмкіндіктеріне тең қолжетімділікті кеңейтуге және мамандар даярлау деңгейін арттыруға бағытталған.

3.5.5 Университет ТДМ-ның 5-мақсаты – «Гендерлік теңдік» қағидаттарын сақтауға кепілдік береді және әділ, инклюзивті әрі қауіпсіз білім беру және еңбек ортасын қалыптастыруға бағытталған. Осы мақсатта университет келесі міндеттерді қояды:

- білім беру бағдарламаларына, барлық ресурстарға және кәсіби даму мүмкіндіктеріне тең қолжетімділікті қамтамасыз ету;

- кадрлық және білім беру саясатына кемсітпеу қағидаттарын енгізу;

- білім алушылар, оқытушылар және басқарушы персонал арасында гендерлік теңгерімді арттыру;

- кемсітушілік, зорлық-зомбылық және қудалаудан азат қауіпсіз білім беру және жұмыс ортасын құру;

- гендерлік теңдік мәселелері бойынша білім беру және ақпараттық іс-шаралар өткізу;

- әйелдер/қыздар мен жеткіліксіз ұсынылған топтардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған бастамаларды қолдау;

- қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, қызметте ілгерілету және бағалау рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ету;

- қабылданған шаралардың тиімділігін бағалау үшін гендерлік көрсеткіштерді мониторингтеу және талдау;

- гендерлік теңдік қағидаттарын университеттің стратегиялық және операциялық процестеріне енгізу.

3.5.6 Университет ТДМ-ның 8-мақсаты аясында әділ еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді, кәсіби дағдыларды дамытады және студенттер мен қызметкерлер арасында инновациялық және кәсіпкерлік бастамаларды қолдайды, жынысына қарамастан лайықты еңбекақы төлеуді қамтамасыз етеді. Осыған байланысты университет қосымша білім беру бағдарламаларын (Minor), жаппай ашық онлайн курстарды дамыту, стартап-жобаларға

катысу, кәсіпкерлік бастамаларды қолдау, сондай-ақ бизнес, мемлекеттік және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық арқылы білім алушылардың кәсіби мүмкіндіктерін кеңейтуге жағдай жасайды.

3.5.7 Университет әлеуметтік және экономикалық теңсіздікті азайтуға ұмтылады, барлық санаттағы білім алушылар үшін білімге және ресурстарға тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Әлеуметтік осал топтарды қолдауға, инклюзивті білім беру ортасын дамытуға және психологиялық көмек көрсетуге ерекше назар аударылады.

3.6 Тұрақты даму контекстіндегі ESG-стратегия:

G – Корпоративтік басқару

3.6.1 «Тұран-Астана» университеті-де тұрақты дамуды басқару оның қызметін басқарудың бірыңғай жүйесі аясында жүзеге асырылады және осы жүйенің ажырамас бөлігі болып табылады.

3.6.2 Университет әкімшілігі тұрақты даму саласындағы қызметке жалпы стратегиялық басшылықты жүзеге асырады, сондай-ақ тұрақты даму қағидаттарының енгізілуі мен сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді.

3.6.3 Тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар университеттің даму бағдарламасына (стратегиясына) енгізілген.

3.6.4 Университеттің тұрақты дамуын басқару жүйесі корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Барлық қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар барлық деңгейлерде тұрақты дамуды қамтамасыз етуге өз үлесін қосады.

3.6.5 Тұрақты даму мақсаттарын іске асыру бойынша жалпы үйлестіруді университеттің академиялық мәселелер жөніндегі департаменті жанындағы тұрақты даму мақсаттары бойынша үйлестіруші жүзеге асырады. Үйлестірушінің функцияларына тұрақты даму саласындағы мәселелерді қарау, ішкі нормативтік құжаттарды, іс-шаралар жоспарларын және бастамаларды әзірлеу, университет қызметін жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу, сондай-ақ мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету кіреді.

3.6.6 Тұрақты даму саясатын тиімді басқару және іске асыру мақсатында университет мүдделі тараптармен жүйелі өзара іс-қимылға басымдық береді.

3.6.7 Университет тұрақты даму мақсаттарын тиімді іске асыру үшін жергілікті, ұлттық және халықаралық деңгейлерде стратегиялық серіктестіктерді дамытуға ұмтылады. ТДМ-ның 17-мақсаты аясында университет білім алмасуды, бірлескен білім беру және ғылыми бастамаларды дамытуды, сондай-ақ білім беру, зерттеулер және әлеуметтік жобалардың сапасын арттыру үшін ресурстар мен сараптаманы тартуды көздейді. Осы мақсатта университет келесі міндеттерді айқындайды:

- мемлекеттік органдармен, халықаралық ұйымдармен және бизнес-серіктестермен ынтымақтастықты дамыту;
- тұрақты дамуға бағытталған бірлескен ғылыми және білім беру жобаларын құру;
- университеттер мен серіктестер арасында білім, тәжірибе және үздік тәжірибелер алмасуға ықпал ету;
- тұрақты бастамаларды іске асыру үшін қаржылық, технологиялық және ақпараттық ресурстарды тарту;
- студенттер мен оқытушылардың халықаралық академиялық ұтқырлығын қолдау;
- университеттің стратегиялық жоспарлауына ТДМ-ды енгізу үшін серіктестік желіні нығайту.

3.6.8 Университет қызметіндегі бизнес-процестердің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында барлық мүдделі тараптармен (білім алушылар, қызметкерлер, Қамқоршылық кеңес, серіктес жоғары оқу орындары және басқа да тұлғалар) өзара іс-қимыл жүргізіледі. Негізгі өзара іс-қимыл нысандарына ынтымақтастық туралы меморандумдар жасау, бірлескен білім беру және ғылыми бағдарламаларды (жобаларды) іске асыру, бірлескен жұмыс және сараптамалық топтар құру, қызмет туралы есептілік ұсыну, кездесулер мен

кеңестер өткізу, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар, сұхбаттар, тағылымдамалар мен оқыту ұйымдастыру және өзге де нысандар жатады.

3.6.9 Университет басқарудың ашық және тиімді процестерін дамытуға, ТАУ корпоративтік құндылықтарын нығайтуға және қауіпсіз әрі әділ білім беру ортасын қамтамасыз етуге ықпал етеді. Бұл ретте білім алушылар мен қызметкерлер арасында құқықтық және этикалық мәдениетті қалыптастыруға, сыбайлас жемқорлықтың, зорлық-зомбылықтың және адам құқықтарының бұзылуының алдын алуға, сондай-ақ университет институттарына деген сенімді арттыруға бағытталған шаралар жүзеге асырылады.

3.6.10 Университет тұрақты даму саласындағы тәуекелдерді басқарудың жүйелі тәсілін қамтамасыз етеді. Бұл тәсіл экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық аспектілерге теріс әсер етуі мүмкін факторларды уақтылы анықтауға, бағалауға және азайтуға бағытталған және тәуекелдерді басқару туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

4. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Осы Саясат белгіленген тәртіппен бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

4.2 Осы Саясат ашық құжат болып табылады және мүдделі тұлғалардың еркін қол жеткізуі үшін университеттің ресми корпоративтік сайтында орналастырылады.

4.3 «Тұран-Астана» университеті осы Саясатты іске асыру нәтижелері туралы ақпараттың тұрақты түрде ашықтығын қамтамасыз етеді, тиісті мәліметтерді корпоративтік сайтта орналастыру және оларды жылдық есепке енгізу арқылы мүдделі тараптарға ұсынады.

4.4 Өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізілген өзгерістерге және университеттің даму деңгейіне сәйкес енгізіледі.